

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CWOH1868>

**А. А. Мустафаева¹, Р. С. Мұхитдинов²,
У. Е. Кенжебаева³, Қ. Қ. Аубакирова⁴, *М. С. Кулахметова⁵**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

⁴Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

⁵Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: kmergul@yandex.ru

ДІНИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құрамындағы біраз мемлекет тәуелсіздікке қол жеткізіп, тілдері мемлекеттік мәртебеге ие болып, біртіндеп терминологиялық тілдің де дамуына жол ашылды. Терминдердің көп бөлігі орыс тілінен еніп, тіпті аударылмай алынғанымен қоймай, қабылдаушы (қазақ) тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне бейімделмей өткені мәлім. Қалыптасқан кеңестік идеологияның нәтижесінде қоғамның ажырамас бөлігіне айнала алмай, тіпті назардан тыс қалған салалардың бірі дін болды. Аталмыш саланың терминологиялық жүйесінің де тәуелсіздік алғаннан кейін де бірден қалыптасып кетуі екіталай еді. Сәйкесінше, мемлекетте діннің «тыйым» салынған салаға айналуы тілінің де діни терминологиясының дамымауына әкеледі. Дін саласы, оның ішінде ислам дініне қатысты терминдердің тек базалық ұғымдарға қатысты бөлігі философия аясында қарастырылды. Қазір болса, дінтану, тіпті исламтану салалары ажыратылып, жоғары оқу орындарында арнайы білім беру бағдарламалары аясында мамандар да даярлана бастады. Дін саласының қоғамның кілт салаларының біріне айналуымен, бұл саланың терминологиялық тілінің де қалыптасуы мен дамуына әкеліп, теориялық зерттеулерден бөлек,

практикалық, атап айтқанда қолданбалы сипаттағы еңбектер – сөздіктер де шығарыла бастады. Бұл мақалада қазақ тіліндегі діни лексикографиялық еңбектер қарастырылып, ерекшеліктері сипатталады.

Кілттік сөздер: лексикография, діни терминдер, ислами терминология, қазақ тілі, сөздіктер

Кіріспе

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда ғылым тілінің қазақшаға бет бұрып, аударылмаған немесе аударуға болмайтын терминдер аударыла бастап, жалпы қазақ терминологиясы мен терминологиялық бірліктер сала-сала бойынша зерделеніп, терминографияның құрамдас бөлігі – терминологиялық сөздіктер әзірлене бастады. Жалпы алғанда, қазақ тілі терминологиясына қатысты зерттеу жұмыстарын шартты түрде төртке (дәстүрлі зерттеулер, қолданбалы сипаттағы зерттеулер, танымдық терминология және терминография) бөліп қарастырамыз. III. Құрманбайұлы кеңестік кезеңдегі ұлттық (қазақ) терминологиясының дамуын келесідей сипаттайды: «Кеңестік кезеңде ұлт тілінде сөз, термин жасаудың кейінгі кезекке ысырылғаны сондай, тіпті осы шығармашылық үдерісті білдіретін ұғым атауларының өзі ғылыми айналымнан шығып қалған десек те болады. Жалпы кеңестік қоғамда ұлт тілдері үшін сөзжасам, терминжасам өзекті мәселе деп саналмады. Өйткені негізгі мақсат – кеңес халқына ортақ, орыс тіліне негізделген жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру еді [1, 11-б.]. 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы Заңның» нәтижесінде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі ғылым тіліне айналуы үшін бірқатар кезеңнен өтуі керек болды. Олардың бірі терминологиялық тілдің қалыптасуы мен дамуы. Сөйтіп, тәуелсіздік алғаннан кейін жоғарыда айтып кеткеніміздей, көптеген сала бойынша жеке-жеке терминологиялық сөздіктер жарық көре бастады. Лексикография (lexico+graphica) (немесе терминографиялық лексикография, арнайы лексикография, ғылыми-техникалық лексикография, терминография) сөздіктердің жасалуы, зерттелуі және қолданылуы туралы ғылым саласы; сөздік құрастырудың теориясы мен практикасымен айналысатын тіл білімі саласы. Дінге назар аударыла бастағаннан кейін, біртіндеп діни, оның ішінде ислами (немесе исламдық) терминологиялық жүйе қалыптаса бастады. Сөйтіп, кеңестік кезеңде қалыптасқан санаулы діни терминдер философия терминологиясының бөлігі болса, қазіргі уақытта бөлек арнайы терминология болып табылады.

Материалдар және әдістер

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында қолданбалы сипаттағы терминологиялық еңбектерге, атап айтқанда діни сөздіктерге, сонымен қатар

діни терминдерді зерттеу материалы ретінде қолданып, қосымша бөлімінде глоссарий түрінде берген зерттеу жұмыстарына да назар аударылды. Олардың ішінде Г. Қ. Рысбаеваның ««Жаратушы күштер» концептісі», Дж. К. Шалгимбаев «Терминология исламского банкинга: формирование и употребление» (Ислам банкингі терминологиясы: қалыптасуы және қолданылуы), Н. Б. Мансұров «Діни терминдердің қажеттілігі», С. Өтебеков ««Диуани хикметтегі» діни терминдердің түркілік қабаты», Қ. С. Кәрібай, Ж. А. Жақыпов «Діни дастандардағы теонимдер» және т.б. Ал толығымен лексикографиялық еңбектердің ішінде Р. Сыздықова «Ясауи «Хикметтерінің» тілі», Р. Мухитдинов, Қ. Жұмабеков және Ә. Сейдамаст авторлар ұжымының «Теоллингвистикалық сөздік», Р. С. Мұхитдиновтің «Діни терминдер сөздігі», «Қазақ тіліндегі діни сөздер мен терминдердің орфографиялық сөздігі», Т. Қалибекұлы «Қытайша-қазақша-орысша-ағылшынша діни терминдер сөздігі», М. Исахан, М. Муслимов, С. Көкенай және Б. Сыдықов авторлық ұжымының «Исламдық терминдер сөздігі», Н. Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш. С. Рысбекова және т.б. авторлар ұжымының үш томдық дінтану сөздігі, сонымен қатар бұл ұжымның екі томдық «Дінтану сөздігі: энциклопедиялық сөздік» еңбектері қарастырылды. Сол секілді кейбір ғылыми зерттеу жұмыстарында сөздік бөлек берілген: Р. С. Мухитдиновтің «Қазақ тіліндегі ислам діні сөздерінің қолданылу тарихы» атты монографиясы, Н. Б. Мансұровтың Терминологиялық хабаршы жинақтарында «Қазақ тіліндегі діни терминдер» (екі бөлім) және т.с.с. Діни терминдерді қамтитын философиялық немесе басқа да гуманитарлық салалар бойынша жалпылама терминологиялық сөздіктер назарға алынбады. Сонымен қатар пайдаланылған әдебиеттер тізіміне сан жағынан шектеу болғандықтан, кейбір еңбектердің бір бөлімі көрсетілді.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысын жүргізуде жалпы ғылыми әдістердің ішінде сипаттау, бақылау және салыстырмалы-салғастырмалы әдіс негізге алынады. Сонымен қатар лексикографиялық әдістің ішінде әдебиетті шолу, сөздікпен жұмыс істеу сияқты тәсілдер де қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ терминологиясының тарихындағы алғашқы сөздіктер ретінде ХХ ғасырдың 20–30 жылдары шыққан «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (1926 ж.), «Пән сөздері» (1927 ж.) және «Атаулар сөздігі» (1931 ж.) сияқты еңбектер қарастырылады. Бұл сөздіктердегі артиллерия – зеңбірек; барабан – дабыл; батальон – қос; беглец – қашқын; бой – ұрыс; застава – тосқауыл; истребитель – қыран; казарма – жатақ үй; отряд – жасақ; пушка – зеңбірек; пружина – серіппе, выписка – көшірме; двигатель – қозғаушы; договор – келісім/шарт; заем – қарыз; затор – іркілу; кредит – несие; кризис – дағдарыс; право – пұрсат; прибыль – пайда; фонд – қор; штраф – айып; эксперт – сарапшы

және т.б. жасалуы жағынан «ұтымды» терминдердің біраз бөлігі қазіргі қазақ тілі терминологиясында әлі де қолданылады. Қазақ тілінің сөз байлығы үшін ұтымды да, өнімді терминжасам тәсілдері XX ғасыр зиялыларының еңбектерінде де көрініс тапқан: цирк – ат ойын түрі (С. Сейфуллин), рельсті – табантемір (І. Жансүгіров), снегурочка – қарханшайым (Ә. Кекілбаев), будильник – оятар (Ғ. Мүсірепов), глазок – тесіккөз (О. Сәрсенбаев) және т.б. [2, 21-б.]. Ал орыс тілінен қазақ тіліне аударылмаған терминдердің өзі қабылдаушы (қазақ) тілдің фонетикалық жүйесіне негізделіп жасалды: артист – әртес; барометр – барометір; генерал – жанарал; депозит – депезет; институт – үністет; процент – пырасент және т.б. Алайда соғыстан кейінгі жылдары тілдік саясат түбегейлі өзгеріп, қазақ тіліндегі кірме терминдердің көп бөлігін (бәрін десек те болады) беруші тілдің (орыс тілінің) емлесіне қарай жазу дәстүрі қалыптасып, генерал, депозит, институт, университет, барометр сияқты терминдерге ауысты. Баламасы жоқ интернационалдық терминдерді алу мен қолдануда орыс тіліндегі нұсқасы түпнұсқа ретінде қарастырылып, тіпті терминдерді мәжбүрлі түрде «түпнұсқаға» сәйкестендіріп енгізді [2, 25-б.]. Кеңестік билік тұсында А. Ә. Байтелиев айтпақшы, «...терминдер аударылмай алынсын деген принцип басшылыққа алынды, орыстандыру саясаты жүргізілген кезеңде, оларды «халықаралық» терминдер дәрежесіне көтеріп, тіліміз бөтен тілдік сөздермен араласты, тіл тазалығы мен заңдылығы бұзылды» [3, 80-б.]. Ал кейбір жағдайларда терминнің қосымшасы ғана аударылып, түбір тұлғасы аударылмай, түпкі нұсқасында сақталды [3, 80-б.]. Мысалы: механизация-механикаландыру, автоматизация-автоматтандыру және т.б. Сөйтіп, XX ғасырдың 30-жылдарына дейін жүргізілген өнімді терминжасам тәжірибесі біртіндеп әлсіреп, кеңестік кезеңде дұрысырақ айтқанда орыс тілінің терминжасам тәжірибесіне ауысып, тәуелсіздік алған жылдары да кері әсерін тигізеді. Ш.Құрманбайұлы да бұл үрдісті келесідей сипаттайды: «XX ғасыр басындағы ұлт тіліндегі терминжасам тәжірибесі жалғасын таппай, кеңестік кезең орнықтырған термин алмасу, орыс тілінен термин қабылдау дәстүрі тілімізде берік орнығып қалғандықтан, бұл іспен айналысушылар бірден даңғыл жолға түсіп кете алмады. Термин жасаудың тиімді әдістемесі, қазақ тілінің сөз тудыру тәсілдері мен бай сөздік қорын ұтымды пайдалану тәжірибесі жетіспеді. Оның үстіне «термин жасап не қажеттілігі бар, оны жасап қойған халықтар тілінен дайын күйінде неге ала бермейміз» деген біржақты қасаң түсінік, екі-үш ұрпақтың санасына сіңіп әлеуметтік психологияға айналуы, мыңдаған кірме терминдерге жұртшылықтың құлағы үйреніп қалуы да ұлт тіліндегі термин шығармашылығына, онымен айналысушыларға кедергі келтірді» [1, 10-б.]. Дегенмен терминологияға қатысты зерттеулердің саны тәуелсіздік алғаннан кейін артып, оның ішінде қолданбалы сипаттағы жұмыстар да көбейді.

Мәселен, 1920–1990 жылдар аралығында 300-ге жуық ғылыми мақала, 2 монография және 90 астам терминологиялық сөздік жарық көрсе (басқа бір ұжымдық зерттеуде 1940–1990 жж. 150-ден астам [4, 86-б.], 1990–2010 жылдары бұл көрсеткіш бірнеше есе артып, сәйкесінше 900-ге жуық мақала, 12 монография және 200-ден астам сөздікке жетті [1, 14–17-бб.]. Электрондық сөздіктердің дамуына «termincom.kz» сайтының да үлесі зор. Сайттың міндеті – бекітуге ұсынылатын терминдерді ашық талқылау және оларға дауыс беру арқылы қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаларын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сайтқа кірушілер бекітілген терминдер мен қолданыстағы терминдермен танысып, қызметіне қатысты қолданып, ұтымды терминдерді саралап, жаңа терминдерді сараптауға мүмкіндік береді. Сайттың базасында барлығы 369431 термин сөз енгізілген» [5, 69-б.]. Ал діни терминдерге келетін болсақ, олар да XX ғасырдың аяғында біртіндеп терминологиялық жүйе түрінде дами бастады. Қазан революциясынан кейін «священник, знахрь, монастырь, патриарх, панихида» сияқты діни сөздер қолданыла бастаса [6, 204-б.], 30-жылдарында тілдің төл ресурстары арқылы жасалған атеизм – дінсіздік, аскетизм – сопылық (нәпсі тыюшылық), аскет – сопы, миссионер – дінге үндеуші; монастырь – сопықана (немесе манастыр) және т.б. («Еңбекші қазақ» газеті, 1930 ж.) сияқты діни терминдер қалыптасты. Қазіргі кезде дінге қатысты күрделі, гибрид терминдердің (дінаралық, дінбасы, дінтану, дінтанушы, исламтану, исламтанушы, фикһ, мазһаб және т.б.) қалыптасқанын байқаймыз. Бұл діни терминдер (діни қолданыстар, діни атаулар, діни сөздер, діни ұғымдар, теологиялық компоненттер немесе т.б.) деп аталып, саласы діни тіл, діни лингвистика, соңғы кездері теолингвистика, сакролингвистика, тіпті лингвистикалық дінтану деп аталып жүр. Діни лингвистиканың ішінде ислами (исламдық) лингвистика деп бөлек қарастырудың артықшылығы алға тартыла бастады [7, 369-б.]. Қазақ тілінің лексикалық құрамына XI–XV ғасырлар арасында араб және парсы тілдерінен өзбек және татар тілдері арқылы енген сөздер (діни, ғылыми, қоғамдық-саяси) ислам дінінің таралуынан бастау алып, қазіргі қазақ терминологиялық жүйесінің негізін құрайды [8, 17-б.].

Қазақ тіліндегі діни терминологиялық бірліктердің лексикографиялық көрінісі сөздіктермен қатар, теориялық зерттеу жұмыстарының қосымша бөліміндегі глоссарийінде беріледі. Алайда зерттеу жұмысының көлемінің шектеулігіне байланысты бұл мақалада глоссарий түрінде берілген жұмыстар мен жарыққа шыққан сөздіктер назарға алынды. Н. Б. Мансұров қазақ тіліндегі діни терминдер тізімі (жалпы саны 600-ден астам) екі бөлім түрінде («н» әрпіне дейін және әрпінен кейін) Терминологиялық хабаршыда [9]; [10] жарияланды. Тізімде діни терминологиялық тілге тікелей қатысы болмаса да басқа да пәнаралық терминдер қолданылған: ырза, шаһар, хабар, тағам,

сұхбат, сарф (морфология), наху (синтаксис), сағат және т.б. Терминдер қазақша қолданысы, түпнұсқа тіліндегі (араб, парсы) жазылуы, оқылуы, сөз табы және дефиницияны қамтыған. Мысалы, Алланың 99 есімдерінің бірі әр-Рахман сөзі былай түсіндіріледі: «Рахман «әр-Рахман» (рахман), ар. қайырымды, мейірімді; Алланың эпитеттерінің бірі, көркем есімдерінің бірі. Дүниедегі барлық жаратылған ризықтарды берген, барлық мақлұқаттар жайында қайыр және рахметін жаудырған, мақлұқаттардың барлығына сансыз нығметтер берген мағынасында» [10, 52-б.]. Терминдерден бөлек діни контексте қолданылатын тұрақты сөз тіркестері де қарастырылған. Р.Сыздықова Қожа Ахмет Ясауи лексикалық қабатындағы жалпы сөздерді қарастырып, оның ішіндегі араб және парсы тілдерінен енген діни кірмеліктерден басқа, түркі бірліктерін де қарастырған [11]. С. Өтебеков та Ясауи хикметтеріндегі түркі, араб және парсы кірме терминологиялық бірліктерді қарастырып, олардың ішіндегі саны жағынан үстемдікті түркі қабатына (57%) береді [12, 42-б.].

Аударматанудағы ең күрделі аударманың бірі – діни аударма [13, 232-б.], тіпті көптеген аудармашылардың «сескенетін» тақырыптарының бірі [13, 236-б.], ал қазақ тілінде дін саласы бір жағынан күрделі аударма, екінші жағынан аударманың нысанына толық айналмаған терминологиялық жүйелердің бірі болып табылады. Б. М. Сүйеркүл өзінің «Теолингвистиканың қалыптасуы және өзекті мәселелері жайында» атты зерттеуінде саланың шартты түрде тың да, маңызды екенін анықтайды: «Қазақ тіл біліміндегі салыстырмалы түрде жаңа бағыттардың бірі – дін мен тілдің тоғысында қалыптасқан теолингвистиканың (гректің «кұдай» және латынның «тіл» сөздерінен) мәселелеріне «дін тілі, діни қолданыстар және оның терминологиясы, теонимдердің дефинициялары, діни ұғымдар мен түсініктердің атаулары назардан тыс қалып келеді. Сондай-ақ бастауын діннен алатын көптеген ұғымдардың, рухани мәдени бірліктердің, салттар мен дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, рәсімдердің, ырымдар мен тыйымдар атауларының мағыналық құрылымындағы теологиялық компоненттер жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Осының салдарынан қазақ тілін ұстанушылардың күнделікті сөзжұмсамында бір фразаның орнына мағынасы мүлдем басқа, тіпті қарама-қарсы мәндегі сөйлемді қолдану («нәрестені қырқынан шығаруға барушы едім» деудің орнына «баланың қырқына барушы едім» деу) сияқты өрескел қателер кездесіп жатады» [7, 365-б.]. Қазақ қоғамының ажырамас бөлігіне айналған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың дінмен, оның ішінде ислам дінімен тығыз байланыста болғанымен, олардың тілдегі көрінісі назардан тыс қалуда. Қазақ тілі кеңестік кезеңге дейінгі дәуірде де сөзжасам, оның ішінде терминжасам тәжірибесінде араб және

парсы тілдерінен енген лексикалық бірліктерді «өзіне қарай икемдеп, айтылу және жазылу қисынын ыңғайлап» отырған [2, 25-6.].

Т. Қалибекұлының «Қытайша-қазақша-орысша-ағылшынша діни терминдер сөздігі» еңбегінде автор ислам, христиан, яхуди және будда діндеріне қатысты жиі қолданылатын 1000-ға жуық терминдер мен терминдік тіркесті [14] берген. Р. Мұхитдиновтің «Діни терминдер сөздігінде» де діни лексикалық бірліктердің осындай көлемі қамтылған [15]. Ұжымдық авторлар құрастырған теоллингвистикалық сөздікте 600-ге жуық діни дискурс негізіндегі лексикалық бірліктер зерделенген. Сөздіктегі терминдер қазақша атауы, болған жағдайда түпнұсқа тіліндегі жазылуы және түсіндірілуі берілген [16]. Жалпы дінтану бойынша Н. Ж. Байтенова, А. Д. Құрманалиева, Ш. С. Рысбекова және т.б. авторлардың ұжымдық үш томдық Дінтану сөздігі [17], аталмыш авторлар ұжымымен дайындалған екі томдық Дінтану энциклопедиялық сөздігін [18] де ескерген жөн. Соңғы кездері діни атаулардың бұрыс жазылғанына байланысты діни терминдердің алғашқы орфографиялық сөздігі [19, 4-6.] де құрастырылды. Сөздікте намаз атаулары, қасиетті кітап атаулары, пайғамбар, елші, расул, жиһад, хижаб, нижабра және т.б. сөздердің жазылуына да назар аударылған. Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы тарапынан әзірленген Исламдық терминдер сөздігінде исламға қатысты қазақ тілінде жиі кездесетін діни терминдер мен түсініктер жинақталып, оларға ықшамды түсіндірме жасалған. Сондай-ақ сөздікте араб тілінен енген кірме сөздердің түпнұсқалық жазуы көрсетіліп, барлық сөздер мен сөз тіркестері әліпби тәртібімен жүйеленіп берілген [20].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК қолдауымен АР22785429 жобасы аясында даярланды.

Қорытынды

90-жылдары ғана ұлттық тілдің терминологиялық қабаты қолға алынып, терминжасам тәсілдері барынша қолданыла бастады. Терминологиялық қабаттың қалыптасуы мен дамуында сол тілдің мәртебесі мен саланың (немесе салалардың) даму деңгейінің анықталуының маңызы зор. Бір жағынан қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, екінші жағынан кеңестік кезеңде назардан тыс, тіпті тыйым салынған дін саласы тәуелсіздіктен кейін жаңғыра бастауының нәтижесінде дін мен тіл әлдеқайда тығыз тоғыса бастады. Философия аясында қарастырылған кейбір діни терминдер салыстырмалы түрде қалыптасқан жаңа бағыттардың бірі теоллингвистикада (діни дискурс, діни лингвистика және т.б.) орын алды. Қазақ тілінің сөз қорындағы намаз, ораза, пайғамбар, періште, мұсылман және т.б. бұрыннан келе жатқан парсы тілінен енген діни терминдер де төл ресурстарымыз арқылы жасалмағанымен,

тіліміздің дыбыстық заңдылығына икемделіп жасалды. Дегенмен кейбір діни сөздердің бұрыннан келе жатқан нұсқалары бар болғанымен, жаңа араб тілінен енген нұсқаларымен ауыстырылып қолданылуда («Алла (Құдай) бұйырса» немесе «қаласа» сөздерінің орнына «иншалла» (араб тіліндегі «ин шәә Аллах»), «әумин» орнына «амин», «ауызашар» орнына «ифтар», «сәре» орнына «сухур» және т.б.). Б. М. Сүйерқұл да бұл үрдісті: «Қазақ социумының сөзжұмсамындағы аталмыш дінмен байланысты туындаған, әсіресе, араб тілінен енген, әлі де еніп жатқан мыңдаған атаулардың мағынасы жан-жақты қарастырылып, олардың қолданысына қатысты көптеген мәселелердің басы ашылар еді. Мәселен, тәуелсіздік жылдарында араб елдеріне барып, исламның түрлі мазһабтары бойынша білім алып, «дінтанушы» мамандығын иемденіп келген қазақтардың сөз қолданысында түрлі алшақтықтардың бар екенін, олардың лексиконының басым бөлігі арабизмдерден тұратынын, ол сөздердің түгелге жуық араб тіліндегі нұсқасында айтылып жүргенін, сөйтіп, біріншіден, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарының, екіншіден, соның нәтижесінде сөздің, сөзжұмсамның коммуникативтік сапаларының (сөз тазалығы, дұрыстығы, мәнерлілігі) сақталмауына белгілі бір дәрежеде ықпал етіп отырғанын көріп-біліп жүрсек те, тиісті дәрежеде көңіл бөлмей отырмыз. Ал мұның салдары бүгін білінбегенімен, ертең ұлттық санаға, этностың біртұтастығына нұқсан келтіретін үлкен проблемаларға алып келуі мүмкін», – деп сипаттайды [7, 369-б.]. Сондықтан да терминдерді жинақтау, жүйелеу мен реттеу жұмыстарының лексикографияда көрініс табуы табиғи және қажетті құбылыс. Көптеген сала бойынша терминологиялық қабат пен оның лексикографияда көрінісі кеңес кезінде басталғанымен, дін саласы бойынша арнайы сөздіктер тек ХХІ ғасырда ғана жарыққа шыға бастады. Діни терминологиялық бірліктерді жинақтап, сөздік бетіне түсіріп, қолданбалы сипаттағы сөздік құрастыруда Р. С. Мухитдинов, Н. Б. Мансұров, Т. Қалибекұлы, Қ. Жұмабеков, Ө. Сейдамат, М. Исахан, М. Муслимов және т.б. маңызы зор. Дін, әсіресе ислам саласындағы қазақстандық лексикографиясының реттелуі мен жүйеленуі өзекті. Бұл лексикографиялық еңбектер діни терминдердің дұрыс оқылуы мен жазылуы, мағынасының ашылуына түрткі болады. Ал соңғы екі-үш жыл шамасында жарыққа шыққан діни сөздіктерде қолданыстағы атаулардың тарихы, тіркестер және сөйлемдердегі жазылу емлесіне де мән берілді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Құрманбайұлы, Ш. Тәуелсіздік және қазақ терминологиясы // Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің 2014 жылғы 27 қарашадағы А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтымен бірлесіп өткізген «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Астана, 2014. – 380-б. – Б. 10–20.

2 **Айтбайұлы, Ө.** Термин қалыптастырудың қайсыбір принциптері хақында // Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің 2014 жылғы 27 қарашадағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп өткізген «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Астана, 2014. – 380-б. – Б. 21–29.

3 **Байтөлиев, А. Ә.** Қазақ терминологиясының тарихы, бүгінгі мен ертеңі туралы // Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің 2014 жылғы 27 қарашадағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп өткізген «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Астана, 2014. – 380-б. – Б. 80–87.

4 **Bayekeyeva, A. T., Tazhibayeva, S. Zh., Shaheen, A. A., Beisenova, Zh. S., Mamayeva, G. B.** Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology // International Journal of Society, Culture & Language. – 2022. – 10(1). – P. 83–98.

5 **Айдарбек, Қ. Ж., Азбергенова, А. О.** Жалпы терминографияның кейбір мәселелері // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2019. – No1. – Б. 65–70.

6 **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ терминологиясы : зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы : Сарда, 2014. – 952-б.

7 **Сүйеркүл, Б. М.** Теоллингвистиканың қалыптасуы және өзекті мәселелері жайында // Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің 2014 жылғы 27 қарашадағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп өткізген «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Астана, 2014. – 380-б. – Б. 365–370.

8 **Әбдірәсілов, Е.** Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208-б.

9 **Мансұров, Н. Б.** Қазақ тіліндегі діни терминдер // Терминологиялық хабаршы. – 2012. – №1. – Б. 84–120.

10 **Мансұров, Н. Б.** Қазақ тіліндегі діни терминдер // Терминологиялық хабаршы. – 2012. – №2. – Б. 47–79.

11 **Сыздықова, Р.** Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы : Ел-шежіре, 2014. – 667-б.

12 **Өтебеков, С.** «Диуани хикметтегі» діни терминдердің түркілік қабаты (Көкшетау нұсқасының негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – No3 (121). – Б. 39–56. – <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.733>

13 **Mohamed Ali Elsiddig Ibrahim.** The Problems of Religious Translation // International Journal of Linguistics, Literature and Translation (IJLLT). – 2019. – Vol. 2. – Issue 3. – P. 232–241. – <https://doi.org/10.32996/ijllt.2019.2.3.26>

14 **Қалибекұлы, Т.** Қытайша-қазақша-орысша-ағылшынша діни терминдер сөздігі / Т. Қалибекұлы. – Алматы : Полилингва, 2021. – 92-б.

15 **Мұхитдинов, Р. С.** Діни терминдер сөздігі. – Алматы, 2012. – 140-б.

16 **Мұхитдинов Р., Жұмабеков Қ., Сейдамет Ә.** Теоллингвистикалық сөздік. – Алматы : Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2020. – 200-б.

17 **Байтенова, Н. Ж., Құрманалиева, А. Д., Рысбекова, Ш. С. және т.б.** Дінтану сөздігі. Ежелгі діни наным-сенімдер. Ұлттық діндер. Қазақ халқының дәстүрлі діни ұстанымдары. III томдық. I том. – Алматы : Қазақ университеті, 2017. – 396-б.

18 **Байтенова, Н. Ж., Құрманалиева, А. Д., Рысбекова, Ш. С. және т.б.** Дінтану сөздігі : энциклопедиялық сөздік. 2-том. – Алматы : Қазақ университеті, 2018. – 439-б.

19 **Мұхитдинов, Р. С.** Қазақ тіліндегі діни сөздер мен терминдердің орфографиялық сөздігі. – Алматы : Муфтият, 2022. – 96-б.

20 **Исахан, М., Муслимов, М., Көкенай, С., Сыдықов, Б.** Исламдық терминдер сөздігі. – Астана : Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60-б.

References

1 **Kurmanbayuly, Sh.** Tauelsizdik zhane qazaq terminologiyasy [Independence and Kazakh terminology] // Madeniet zhane sport ministrigi Tilderdi damytu zhane kogamdyk-sayaci zhumys komitetitin 2014 zhaylgy 27 karashadagy A.Baytursynov atyndagy Til bilimi institutymen birlesip otkizgen “Tauelsizdik kezenindegi kazakh terminologiyasy” respublikalyk gylymi-praktikalyk konferenziyasynyn materialdary. – Astana, 2014. – 380 p. – P. 10–20.

2 **Aitbayuly, O.** Termin kalyptastyrudyn kaisybir prinzipteri khakynda [About some principles of term formation] // Madeniet zhane sport ministrigi Tilderdi damytu zhane kogamdyk-sayaci zhumys komitetitin 2014 zhaylgy 27 karashadagy A.Baytursynov atyndagy Til bilimi institutymen birlesip otkizgen “Tauelsizdik kezenindegi kazakh terminologiyasy” respublikalyk gylymi-praktikalyk konferenziyasynyn materialdary. – Astana, 2014. – 380 p. – P. 21–29.

3 **Bajteliev, A. A.** Kazakh terminologiyasynyn tarikhly, bugin men ertenı turaly [About the history, present and future of Kazakh terminology] // Madeniet zhane sport ministrlygi Tilderdi damytu zhane kogamdyk-sayaci zhumys komitetitin 2014 zhaylgy 27 karashadagy A.Baytursynov atyndagy Til bilimi institutymen birlesip otkizgen “Tauelsizdik kezenindegi kazakh terminologiyasy” respublikalyk gylymi-praktikalyk konferenziyasynyn materialdary. – Astana, 2014. – 380 p. – P. 80–87.

4 **Bayekeveva, A. T., Tazhibayeva, S. Zh., Shaheen, A. A., Beisenova, Zh. S., Mamayeva, G. B.** Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology // International Journal of Society, Culture & Language. – 2022. – 10(1). – P. 83–98.

5 **Aidarbek, K. Zh., Azbergenova, A. O.** Zhalpy terminografiyanyn keibir maseleleri [Some problems of general terminology] // A. Baitursynuly Institute of Linguistics “Tiltany” journal. – 2019. – No1. – P. 65–70.

6 **Kurmanbailuly, Sh.** Kazakh terminologiyasy : zertteuler, okulyk, sozdik, bibliografiya. [Kazakh terminology : studies, textbook, dictionary, bibliography]. – Almaty : Sarda, 2014. – 952 p.

7 **Suyerkul, B. M.** Teolingvistikanyn kalyptasuy zhane ozekti maseleleri zhaiynda [About the formation and actual problems of theolinguistics] // Madeniet zhane sport ministrlygi Tilderdi damytu zhane kogamdyk-sayaci zhumys komitetitin 2014 zhaylgy 27 karashadagy A.Baytursynov atyndagy Til bilimi institutymen birlesip otkizgen “Tauelsizdik kezenindegi kazakh terminologiyasy” respublikalyk gylymi-praktikalyk konferenziyasynyn materialdary. – Astana, 2014. – 380 p. – P. 365–370.

8 **Abdirasilov, E.** Kazakh terminografiyasynyn zhuiyesi [System of Kazakh terminology]. – Astana, 2005. – 208 p.

9 **Mansurov, N. B.** Kazakh tilindegi dini terminder [Religious terms in the Kazakh language] // Terminologiyalyk khabarshy. – 2012. – No1. – P. 84–120.

10 **Mansurov, N. B.** Kazakh tilindegi dini terminder [Religious terms in the Kazakh language] // Terminologiyalyk khabarshy. – 2012. – No1. – P. 47–79.

11 **Syzdykova R.** Yassawi “Khikmetterinin” tili. Koptomdyk shygarmalar zhinagy [The language of Yasawi “Wisdom”. Multivolume collection of works]. – Almaty : Yel-shezhire, 2014. – 667 p.

12 **Otebekov, S.** “Diواني khikmettegi” dini terminderdin turkilik kabaty (Kokshetau nuskasynyn negizinde) [Turkic layer of religious terms in “Diواني khikmet” (based on Kokshetau's version)] // Bulletin of Yassawi University. – 2021. – No3 (121). – P. 39–56. – <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.733>.

13 **Mohamed Ali Elsiddig Ibrahim.** The Problems of Religious Translation // International Journal of Linguistics, Literature and Translation (IJLLT). – 2019. – Vol. 2. – Issue: 3. – P. 232–241. – <https://doi.org/10.32996/ijllt.2019.2.3.26>.

14 **Kalibekuly, T.** Kytaisha-kazakhsha-orysssha-agylshansha dini terimder sozdigi [Dictionary of Chinese-Kazakh-Russian-English religious terms]. – Almaty: Polilingva, 2021. – 92 p.

15 **Mukhitdinov, R. S.** Dini terimder sozdigi [Dictionary of religious terms]. – Almaty, 2012. – 140 p.

16 **Mukhitdinov, R., Zhumabekov, K., Seidamat, A.** Teolingvistikalыk sozdik [Theolinguistic dictionary]. – Almaty: A. Baitursynuly Institute of Linguistics, 2020. – 200 p.

17 **Baitenova, N. Zh., Kurmanaliyeva, A. D., Rysbekova, Sh. S. etc.** Dintanu sozdigi. Ezhelgi dini nanyim-senimder. Ulttyk dinder. Kazakh khalkynyn dasturli dini ustanymdar. III tomdyk [Dictionary of Religion. Ancient religious beliefs. National religions. Traditional religious positions of the Kazakh people. Three volumes. Vol. I.]. – Almaty : Kazakh univerty, 2017. – 396 p.

18 **Baitenova, N. Zh., Kurmanaliyeva, A. D., Rysbekova, Sh. S. etc.** Dintanu sozdigi. : ensiklopediyalyk sozdik. 2-tom [Dictionary of religion studies : an encyclopedic dictionary. Volume 2]. – Almaty : Kazakh univerty, 2018. – 439 p.

19 **Mukhitdinov, R. S.** Kazakh tilindegi dini sozder men terimderdin orfografiyalыk sozdigi [Spelling dictionary of religious words and terms in the Kazakh language]. – Almaty : Muftiyat, 2022. – 96 p.

20 **Isakhan, M., Muslimov, M., Kokenai, S., Syddykov, B.** Islamdyk terimder sozdigi [Dictionary of Islamic Terms]. – Astana : Din maseleleri zhonindegi gylymi-zertteu zhane taldaу ortalygy, 2015. – 60 p.

06.02.24 ж. баспаға түсті.

15.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*A. A. Мустафаева¹, P. C. Мухитдинов², У. Е. Кенжебаева³,
К. К. Аубакирова⁴, *М. С. Кулахметова⁵*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Республика Казахстан, г. Алматы;

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы;

⁴Кызылординский университет им. Коркыт Ата,
Республика Казахстан, г. Кызылорда;

⁵Павлодарский педагогический университет имени Ө. Марғұлан,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 06.02.24.

Поступило с исправлениями 15.02.24.

Принято в печать 03.06.24.

ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКОЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЕ РЕЛИГИОЗНЫХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Распад Советского Союза, давший возможность некоторым республикам получить независимость, государственный статус национальным языкам, также постепенно открыл путь для развития терминологического языка. Известно, что большинство терминов, пришедшие из русского языка не были переведены, и даже не адаптированы к фонетическим особенностям языка-реципиента (казахского). В результате сложившейся советской идеологии одной из сфер, которая не могла стать неотъемлемой частью общества и даже игнорировалась, была религия. Даже после установления независимости терминологическую систему определенных направлений едва ли можно назвать сформированной. Соответственно, превращение религии в «запретную» сферу в государстве также приводит к неразвитости религиозной терминологии. Область религии, в том числе часть терминов, принадлежащих к исламу и относящихся только к базовым понятиям, рассматривалась в рамках философии. В современное время религиоведение и исламоведение были разделены как отдельные отрасли и, более того, в ВУЗах стали готовить специалистов в рамках специальных образовательных программ.

С становлением религиозной сферы в одну из ключевых отраслей общества, приведшее к формированию и развитию терминологического языка этой сферы, помимо теоретических исследований стали публиковаться такие труды, как словари практического, прикладного характера.

В данной статье рассматриваются и описываются особенности религиозных лексикографических работ на казахском языке.

Ключевые слова: лексикография, религиозные термины, исламская терминология, казахский язык, словари.

*A. A. Mustafayeva¹, R. S. Mukhitdinov², U. E. Kenzhebayeva³,
K. K. Aubakirova⁴, *M. S. Kulakhmetova⁵*

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴Korkyt Ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

⁵Margulan Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 06.02.24.

Received in revised form 15.02.24.

Accepted for publication 03.06.24.

LEXICOGRAPHIC REPRESENTATION OF RELIGIOUS TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

The collapse of the Soviet Union, which made it possible for some republics to gain independence and state status for national languages, also gradually opened the way for the development of a terminological language. It is known, that most of the terms that came from the Russian language have not been translated, and are not even adapted to the phonetic features of the recipient language (Kazakh). As a result of the established Soviet ideology one of the spheres that could not become an integral part of society and was even ignored, was religion. Even after the establishment of independence, the terminological system of certain directions can hardly be called formed. Accordingly, the transformation of religion into a «forbidden» sphere in the state also leads to the underdevelopment of religious terminology. The field of religion, including some of the terms belonging to Islam and relating only to basic concepts, was considered within the framework of philosophy. In modern times, religious studies and Islamic studies have been separated as separate branches and, moreover, universities have begun to train specialists within the framework of special educational programs.

With the formation of the religious sphere into one of the key branches of society, which led to the formation and development of the terminological language of this sphere, in addition to theoretical research, such works as dictionaries of a practical, applied nature began to be published.

This article discusses and describes the features of religious lexicographic works in the Kazakh language.

Keywords: lexicography, religious terms, Islamic terminology, Kazakh language, dictionaries.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz